**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама № 8 «24» 05 2024 ж.
_______________ проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама №5 «21» 06 2024 ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## «7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»

**Деңгейі: Магистратура**

Қарағанды қ.
2024

**КЕЛІСІМ ҚАҒАЗЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7М01301 – БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДіСТЕМЕСІ»**

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарағанды облысының білім Басқармасы» ММ басшысы

________________________ Г.С. Жунусова

2024ж. « 20 » 02

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі» ЖММ басшысы

________________________ Г.Б. Мамраева

2024ж. « 20 » 02

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№66 мектеп – лицейі» КММ директоры

________________________ Н.М. Мисюрина

2024ж. « 21 » 02

**«7M01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»білім беру бағдарламасы мына негіздеәзірленген:**

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен)
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) (06.03.2023 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен)
- Ұлттықбіліктіліктілікшеңбері. 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үш жақты комиссиямен бекітілген.
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (11.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен)
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (16.05.2023 № 218 өзгерістер мен толықтыруларымен)
- «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м. а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.

## Мазмұны


| № | **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты** | Беті |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2 | Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және сыныптамасы | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқыту нысаны | 4 |
| 6 | Оқыту тілі | 4 |
| 7 | Берілетін дәреже | 4 |
| 8 | БББ түрі | 4 |
| 9 | ХББСС бойынша деңгей | 4 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгей | 4 |
| 11 | СБШ бойынша деңгей | 4 |
| 12 | БББ ерекшеліктері | 4 |
| | Серіктес ЖОО (ББББ) | 4 |
| | Серіктес ЖОО (ЕДБББ) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің жарамдылық мерзімі | 4 |
| 15 | БББ мақсаты | 4 |
| 16 | Түлектің біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Түлек лауазымдарының тізбесі | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызмет түрлері | 4 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17 | Түлек моделі | 12 |

**Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

1. Білім беру бағдарламасының коды мен атауы: «7М01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
2. Білім беру саласының, даярлау бағытының коды мен сыныптамасы: 7М01 Педагогикалық ғылымдар, 7М013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау.
3. Білім беру бағдарламалары тобы: М003 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
4. Кредит көлемі: 120 ECTS
5. Оқыту нысаны: күндізгі
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс
7. Берілетін академиялық дәреже: Педагогика ғылымдарының магистрі
8. БББ түрі: жарамды
9. ХББСС (Халықаралық білім берудің стандарт сыныптамасы) бойынша деңгей– 7 деңгей
10. ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей – 7 деңгей
11. СБШ (Салалық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей – 7 деңгей
12. БББ ерекшеліктері: Бірлескен БББ

ЖЖОҚБҰ- серіктес (СБББ): Қ.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті

Серіктез ЖОО (ДДБББ) жоқ

13. Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның нөмірі: 28.07.2020 ж. KZ83LAA00018495 №016
14. Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің жарамдылық мерзімі: Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік. БСҚТҚА мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлігі, № АА 0009 сертификат, берілген күні «14.06.2014 ж.»
15. БББ мақсаты: Кәсіптік білім беру стандартына сәйкес оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, әкімшілік қызметке негізделген отандық білім беру жүйесімен сұранысқа ие білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
16. Түлектің біліктілік сипаттамасы

а) түлек лауазымдарының тізбесі: түлектер мына мамандықтар бойынша кәсіби құзыреттерге ие бола алады:

Түлек лауазымдарының тізбесі

- Педагог. Бастауыш сынып мұғалімі.
- Мектеп алды даярлық педагогы.
- Педагог. Колледж оқытушысы.
- Педагог. ЖОО оқытушысы.
- Зерттеуші-мұғалім.
- Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
- Мектеп директорының ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі орынбасары.
- Бастауыш мектеп бойынша білім беру департаментінің әдіскері.

б) Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:

- жоғары оқу орындары;
- педагогикалық колледждер;

- қосымша білім беру жүйесі (ЖОО және педагогикалық колледждерде оқытушы; педагогикалық ғылыми мекемелердің қызметкері)

в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері:

- білім беру (оқу-тәрбие, педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- әдістемелік

г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

- педагогикалық: білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, өз бетінше білім алуға, оқу сабақтарын құрастыруға үйретеді, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде АКТ және т. б. пайдаланады; білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады, педагогикалық әдепті, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды, білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді, Тәрбие жұмысы процесін Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып жүргізеді.

- зерттеу: білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдаланады;

- әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамсыздандыруды жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлайды, әдістер мен тәсілдерді айқындайды, сабақтың қойылған мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын әзірлейді және т.б.

## Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзыреттілік типі | Оқыту нәтижесінің коды | Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| 1.Жүріс-тұрыс дағдылары мен тұлғалық сапалар: (Softskills) | ОН 1 | Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге заманауи көзқарастар мен олардың үйлесімділігі туралы білімдерін көрсетеді, жоғары мектептегі заманауи дидактикалық тұжырымдамалардың ерекшеліктерін анықтайды. |
| | ОН 2 | Кикілжің жағдаяттарда оқытудың тиімділігін және сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын меңгерген. |
| | ОН 3 | Халықаралық стандарттар деңгейінде шет тілін біледі, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді аударады, ғылыми жұмысқа байланысты тақырыптарға жазбаша хабарламалар дайындайды, халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлері бойынша ресми құжаттарды ресімдейді. |
| 2.Цифрлық құзыреттіліктер: (Digitalskills) | ОН 4 | Жоғары оқу орнының ғылыми әзірлемелері мен технологияларын коммерцияландыру әдіснамасы туралы білімді кәсіби деңгейде қолданады |
| | ОН 5 | Инновациялық және компьютерлік технологияларды қолдана отырып, бастауыш мектептің педагогикалық процесін ұйымдастыруды меңгерген. |
| | ОН 6 | Ғылыми зерттеу логикасын, ғылыми жұмыс процедураларын, ғылыми зерттеу әдістерін және оларды педагогикада қолдану ерекшеліктерін меңгерген, педагогика ғылымында оның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі әдіснамалық және дүниетанымдық мәселелерді бағдарлай алады. |
| 3.Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills) | ОН7 | Басқа елдердің білім беру жүйесі туралы білімдерін көрсетеді, білім беру жүйесінің қазіргі дамуының әлеуметтік-педагогикалық құбылыстары мәнмәтінінде деонтологиялық ұғымдарды қолданады. |
| | ОН 8 | Бастауыш мектептің заманауи оқу процесіне қойылатын талаптарды негіздеуде заманауи педагогикалық технологияларды қолданады. |
| | ОН 9 | Педагогика ғылымының заманауи жетістіктері негізінде ЖОО-да оқыту әдістері мен әдістемелерін іріктеуді жүргізеді |
| | ОН 10 | Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің адамгершілік негіздерін, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың принциптерін, нысандарын, әдістерін, құралдарын айқындайды. |
| | ОН 11 | Ғылыми іздеу, талдау, эксперимент, деректерді өңдеу, негізделген шешімдер алу, кәсіби қызметте ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын меңгерген. |

## 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін айқындау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пән атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 7 | Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық-тарихи аспектілері | Ғылым тарихы мен философиясы | 4 |
| ОН 1, ОН 7, ОН 9 | | Жоғары мектеп педагогикасы | 4 |
| ОН 2 | | Басқару психологиясы | 4 |
| ОН 2, ОН 3, ОН 7, ОН 11 | | Педагогикалық іс-тәжірибе | 4 |
| ОН 3 | Кәсіби тілдер | Шет тілі (кәсіби) | 4 |
| | | Бастауыш білім беру саласындағы кәсіби шетелдік терминология<br>Ағылшын ғылыми-техникалық әдебиетін оқу және аудару | 5 |
| ОН 2, ОН 8<br>ОН 4, ОН 6, ОН 11 | Ғылым және инновациялар | Креативті менеджмент<br>Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру | 5 |
| ОН 5, ОН 8<br>ОН 5 | | Бастауыш білім беру саласындағы инновация<br>Ғылым мен білім берудегі компьютерлік технологиялар | 5 |
| ОН 5, ОН 8 | Педагогикадағы ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздері | Ғылым мен бастауыш білім берудің заманауи мәселелері | 5 |
| ОН7, ОН 9, ОН 11 | | Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі (ағылшын) | 5 |
| ОН 9, ОН 11 | | Білім беру сапасын өлшеу және бағалау | 5 |
| ОН 7<br>ОН 5, ОН 8 | Педагогикалық инноватика | Салыстырмалы педагогика<br>Шығармашылық тұлғаларды тәрбиелеу жүйесі | 4 |
| ОН 7<br>ОН 8 | | Педагогикалық деонтология<br>Педагогикалық технологиялар негіздері бастауыш мектептегі практикумымен | 5 |
| ОН 3, ОН 11<br>ОН 10 | | Педагогикалық жобалау<br>Педагогикалық үдеріс субъектілерінің адамгершілік-эстетикалық өзара әрекеттесуі | 5 |
| ОН 1, ОР 8, ОН 9 | | ЖОО-да оқыту әдістемесі<br>ЖОО-да жеке-әдістемелік пәндерді оқытудың ғылыми-техникалық негіздері | 5 |
| ОН 1, ОН 2 , ОН 9, ОН 10<br>ОН 2 | | Ұлтаралық қарым-қатынастың педагогикалық этикасы<br>Қақтығыс жағдайларын шешу технологиясы | 5 |
| ОН 3, ОН 7, ОН 11 | | Зерттеу іс-тәжірибесі | 8 |

## 19. Оқыту нәтижелерінің қолжетімділік матрицасы

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кредит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | PO 1 | PO2 | PO 3 | PO 4 | PO 5 | PO 6 | PO 7 | PO 8 | PO 9 | PO 10 | PO 11 |
| Базалық пәндер циклі<br>Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Басқару психологиясы | Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 4 | | + | | | | | | | | | |
| 2 | Ғылым тарихы мен философиясы | Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады. | 4 | + | | | | | | + | | | | |
| 3 | Жоғары мектеп педагогикасы | Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби шебер-мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады. | 4 | + | | | | | | + | | + | | |
| 4 | Шет тілі (кәсіби) | Кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді қарым-қатынас жасау үшін пәндік саладағы шетел тілінің сөйлеу әрекетінің дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Курс арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуді, ауызша және жазбаша екі жақты аударма тәжірибесін үйретуге арналған. Арнайы мақсаттағы шетел тілінің ерекшеліктері мен кәсіби сөйлеу нормалары мәселелері қарастырылады. | 4 | | | + | | | | | | | | |
| 5 | Педагогикалық іс-тәжірибе | Іс-тәжірибе бағдарламасын меңгеру нәтижесінде магистранттар: жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін реттемелейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алуға; өз қызметін және білім алушылардың қызметін жоспарлауға және ұйымдастыруға; оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін әдістерді таңдауға; педагогикалық | 4 | | + | + | | | | + | | | | + |

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кре-дит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | PO 1 | PO2 | PO 3 | PO 4 | PO 5 | PO 6 | PO 7 | PO 8 | PO 9 | PO 10 | PO 11 |
| | | қызметті талдауға, қазіргі заманғы технологияларды пайдалануға тиіс. | | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклы<br>Таңдау бойынша компонент | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Бастауыш білім беру саласындағы кәсіби шет тілі терминологиясы | Бастауыш білім беру саласында шет тілі терминологиясын игеруге қызығушылықты қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс бастауыш білім беру саласындағы заманауи білім беру терминдерін зерттеуге арналған. Шет тілін оқытудың негізгі әдістемелері, оқыту әдістері, оқыту стратегиялары, оқу техникасы, коммуникативтік өзара іс-қимыл құралдары мәселелерін қарастырады. | 5 | | | + | | | | | | | | |
| | Ағылшынша ғылыми-техникалық әдебиеттерді оқу және аудару | Ғылыми-техникалық салада ағылшын тілінде терминологияны өз бетінше меңгеруге қызығушылықты қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс ғылыми-техникалық әдебиеттерді оқу және аудару ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Ағылшын тіліндегі ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс істеу әдістері; Ғылыми-техникалық салада мәтіндер құру мәселелері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | | | |
| 7 | Креативті менеджмент | Шығармашылық менеджмент түсінігі, білім сапасы, басқару жүйесін құру. Білім берудің мазмұны мен сапасын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері. Жалпы білім беру жүйесінің сипаттамасы; кәсіптік білім беру ерекшеліктері; білім беруді дамыту тұжырымдамалары; білім беру жүйесінің шетелдік үлгілері, білім беру мәдениеті. | 5 | | + | | | | | | + | | | |
| | Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру | Зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру және табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу мақсатында оқытылады. | 5 | | | | + | | + | | | | | + |
| 8 | Бастауыш білім беру саласындағы инноватика | Курс білім беру саласындағы инновациялық қызметті жоспарлау және жүзеге асыру тәсілдері, әдістері мен құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс инновацияларды және оларды бастауыш білім беруде пайдалануды зерттеуге арналған. Оқытудың инновациялық | 5 | | | | | + | | | + | | | |

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кре-дит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | PO 1 | PO2 | PO 3 | PO 4 | PO 5 | PO 6 | PO 7 | PO 8 | PO 9 | PO 10 | PO 11 |
| | | технологияларының мазмұны туралы мәселелер қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Ғылым мен білім берудегі компьютерлік технологиялар | Курс ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру үшін заманауи компьютерлік технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс мәтіндік немесе электрондық кестелік редакторларды, компьютерлік анимацияны, зерттеу нәтижелерін бейнелеуге арналған графикалық өнімдерді пайдаланып, ақпаратты өңдеу жолдарын зерттеуге арналған. | 5 | | | | | + | | | | | | |
| 9 | Ғылым мен бастауыш білімнің өзекті мәселелері | Курс қазіргі педагогикалық ғылымның өзекті мәселелері мен қайшылықтары, ғылыми-білім беру қызметі және олардың даму перспективалары туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Курс негізгі бағыттарды зерттеуге арналған.Білім мен ғылымның өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен мәселелері қарастырылады. | 5 | | | | | + | | | + | | | |
| 10 | Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі (ағылшын тілінде) | Зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін оқытылады; ғылыми-педагогикалық дереккөздермен өз бетінше жұмыс істеуге бағыт-бағдар беру. Курс ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасын зерттеуге арналған. Ғылыми зерттеудің құрылымы мен логикасы, сұрақтары; ғылыми-педагогикалық зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері; әдістемелік принциптер мен тәсілдер; зерттеу жұмыстарының түрлері қарастырылады. | 5 | | | | | | | + | | + | | + |
| Бейіндік пәндер циклі<br>Жоғары оқу орны компоненті | | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Білім беру сапасын бағалау және өлшеу | Курс «білім сапасы» ұғымының ғылыми-теориялық негіздері, оның мәні мен мазмұны туралы білім жүйесін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Студенттердің білім сапасын өлшеу мен бағалауды жетілдіру және университетте олардың дайындық деңгейін арттыру принциптері, әдістері, ұйымдастыру, жүзеге асыру құралдары және жолдары туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | + | | + |
| 12 | Шығармашылық тұлғаларды тәрбиелеу жүйесі | Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу жүйесі, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің шығармашылық негізі бар тұлға ретіндегі білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс жеке тұлғаны қоғамдық қатынастардың объектісі мен субъектісі және қарым- | 4 | | | | | + | | | + | | | |

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кре-дит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | PO 1 | PO2 | PO 3 | PO 4 | PO 5 | PO 6 | PO 7 | PO 8 | PO 9 | PO 10 | PO 11 |
| | | қатынаста, мінез-құлық пен іс-әрекетте көрінетін тарихи үдеріс ретінде анықтауға арналған. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Салыстырмалы педа-гогика | Әртүрлі елдер мен аймақтардағы педагогикалық теория мен практиканың даму жағдайы, заңдылықтары мен басымдылықтары туралы түсініктерді негізінен салыстыра зерттеу арқылы қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогика ғылымының саласы ретінде ұлттық және шетелдік тәжірибенің ұқсастықтарын айқындайды. Заманауи әлемде ғылыми парадигмалардың дамуы мен өзгеруін, білім беру саясатын қарастырады. | 4 | | | | | | | + | | | | |
| 13 | Педагогикалық деонтология | Педагогтердің кәсіби мінез-құлқының ұстанымы мен нормалары, жоғары мектеп оқытушысы тұлғасының маңызды қасиеттері мен қабілеттері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Педагогтың деонтологиялық дайындығы, деонтологиялық даярлығын қалыптастырудың әдістері, кәсіби парыздылық сана сезімі мен жауапкершілігі,кәсіби педагогикалық мәдениет мәселелері қарастырылады. | 5 | | | | | | | + | | | | |
| | Бастауыш мектептегі оқыту технологиялары практикумының негіздері | Курс білім алушыларда заманауи білім беру технологиялары саласында педагогикалық білімді қалыптастыру және олардың негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың инновациялық әдістерімен қаруландыру мақсатында оқытылады. Курс оқытудың заманауи білім беру технологияларының мәнін, ерекшелігі мен мазмұнын зерттеуге арналған. Оқытудың неғұрлым тиімді технологияларын енгізу мәселелері қарастырылуда. | 5 | | | | | | | | + | | | |
| 14 | Педагогикалық үдеріс субъектілерінің адамгершілік-эстетикалық өзара әрекеттесуі | Курс білім беру процесі субъектілерінің моральдық-эстетикалық өзара әрекеттесуі туралы білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қызметтің бұл түрінде субъект-субъектілік байланыстар мен педагогтар мен білім алушылардың қарым-қатынастарының көрінуінің адамгершілік мазмұны мен эстетикалық формасының оңтайлы арақатынасы ретінде анықталатын мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | | + | |

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кре-дит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | РО 1 | РО2 | РО 3 | РО 4 | РО 5 | РО 6 | РО 7 | РО 8 | РО 9 | РО 10 | РО 11 |
| | Педагогикалық жобалау | Курс білім берудегі жобалау қызметі туралы білімді, жобалау әдіснамасын және білім беру жобаларын іске асыру тәжірибесін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Педагогикалық жобаларды әзірлеу және іске асыру арқылы мектептің білім беру процесін инновациялармен қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру. Курс педагогикалық жобалаудың мәнін, мағынасын және мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. | 5 | | | + | | | | | | | | + |
| 15 | Жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі | Курс университеттегі оқу процесін жобалау және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, білім беру жүйесіне мамандарды дайындау сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқытылады. Курс жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын оқуға арналған; зерттеулер мен практикалық мәселелерді шешуде жаңа идеялар тудыратын заманауи ғылыми жетістіктер. | 5 | + | | | | | | | + | + | | |
| | Жоғары оқу орнында жеке-әдістемелік пәндерді оқытудың ғылыми-теориялық негіздері | Курс университеттегі білім беру жүйесі туралы, жоғары білім беру жүйесіндегі оқу процесінің әдістемелік негіздері туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. ЖОО-да жеке әдістемелік пәндерді оқытудың ерекшеліктері мен мазмұны мәселелері қарастырылады; жеке әдістемелік пәндерді оқытудағы сабақтастық пен пәнаралық байланыстар. | 5 | + | | | | | | | | + | | |
| 16 | Ұлтаралық қарым-қатынастың педагогикалық этикасы | Курс ашық этномәдени кеңістіктегі педагогикалық жұмыстың рөлін, көпэтникалық қоғамдағы тұлғаны этноәлеуметтендіру ерекшеліктерін, қазіргі білім беру процесінің этнопедагогикалық аспектілерін, көпэтникалық мемлекет жағдайында этносаралық қақтығыстардың алдын алу мәселелерін, ұлтаралық қарым-қатынас этикасы бойынша кәсіби қызметтің нақты мазмұнын ашатын білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі | 5 | | | + | | | | | | | + | |
| | Жанжалды жағдайларды шешу технологиясы | Курс психологиялық-педагогикалық қақтығыстарды диагностикалау, алдын алу және шешу тетіктері дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Курс қоғамдағы қақтығыстардың пайда болу және даму заңдылықтарын, әлеуметтік және тұлға ішілік конфликтінің көріну формаларын зерттеуге арналған. Әртүрлі деңгейдегі білім беру ортасының | 5 | | + | | | | | | | | | |

| NN р/с | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаты (30-40 сөз) | Кре-дит саны | Оқытудың қалыптастырылатын нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | РО 1 | РО2 | РО 3 | РО 4 | РО 5 | РО 6 | РО 7 | РО 8 | РО 9 | РО 10 | РО 11 |
| | | конфликтілігі мен конфликтілігін болжау мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| 17 | Зерттеу іс-тәжірибесі | Зерттеу іс-тәжірибесі магистрлік бағдарламаның бейініне сәйкес ұйымдастырылады және магистранттардың талап етілетін құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Іс-тәжірибені өткізу кезінде жеке білім беру траекториясы, магистрлік диссертация тақырыбы, сондай-ақ магистрант таңдаған кәсіби қызмет түрі ескеріледі. Іс-тәжірибе магистранттың болашақ қызметінің бейіні бойынша тапсырмалар тізбесін орындауын қамтиды. | 8 | | | + | | | | + | | | | + |

**20. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту әдістерімен және бағалаумен келістіру**

| Оқыту нәтижелері | Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге заманауи тәсілдер мен олардың өлшеулігі туралы білімді көрсетеді, жоғары мектептегі қазіргі дидактикалық концепциялардың ерекшеліктерін анықтайды | Зерттеудің теориялық әдістері (эксперимент, талдау, синтез, жіктеу) | Тест |
| ОН 2 | Қақтығыстық жағдайларда оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын іріктеуді жүргізеді. | «Сұрақ-Жауап» | Коллоквиум |
| ОН 3 | Халықаралық стандарт (С1) деңгейінде шет тілін меңгерген, ғылыми-педагогикалық әдебиетті аударады, ғылыми жұмыспен байланысты тақырыптарға жазбаша хабарламалар дайындайды, халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлері бойынша ресми құжаттарды ресімдейді. | Модификацияланған пікірталас | Ауызша баяндау |
| ОН 4 | Жоғары оқу орындарының ғылыми әзірлемелері мен технологияларын коммерцияландыру әдіснамасын кәсіби деңгейде қолданады. | Морфологиялық жәшік | Презентация |
| ОН 5 | Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, бастауыш мектептің педагогикалық үдерісін ұйымдастыру негіздерін меңгерген . | Интербелсенді | Интербелсенді жаттығулар жасау |
| ОН 6 | Ғылыми зерттеудің логикасын, ғылыми жұмыстың процедуралары мен деңгейлерін, ғылыми зерттеудің әдістерін, педагогикада олардың қолданылу аясы мен ерекшеліктерін біледі, педагогикалық ғылымда оның дамуының қазіргі кезеңінде пайда болатын негізгі әдіснамалық және дүниетанымдық проблемаларға бағдар жасай алады. | Квест | Quizziz тест |
| ОН 7 | Әр түрлі елдердің білім беру жүйесі туралы білімдерін көрсетеді, қазіргі білім беру жүйесінің әлеуметтік-педагогикалық құбылыстары контексінде деонтологиялық ұғымдарды қолданады. | Ішінара іздеу әдісі | Ғылыми мақала |
| ОН 8 | Бастауыш мектептің заманауи оқу үдерісіне қойылатын талаптарды негіздеу үшін заманауи педагогикалық технологияларды қолданады. | Кейс-стади | Жағдаяттарды шешу |
| ОН 9 | Педагогикалық ғылымның қазіргі жетістіктері негізінде ЖОО-да оқыту әдістері мен әдістемелерін іріктейді | Жобалау әдісі | Жоба даярлау |
| ОН 10 | Этникааралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеудің адамгершілік негіздерін, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру принциптерін, нысандарын, әдістерін, құралдарын анықтайды. | Грозди | Сызбалар, кестелер, диаграммалар |
| ОН 11 | Ғылыми іздестіру, талдау, эксперименттеу, деректерді өңдеу, негізделген шешімдер алу цағдылары бар, кәсіби қызметте ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын меңгерген. | Фундаменталисттік | Баяндама |

**21. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі**
**Бітірушінің атрибуттары:**

- Білім беру және саласындағы жоғары кәсібилік
- Эмоционалдык интеллект
- Жаһандық сын-тегеуріндерге бейімделу
- Көшбасшылық
- Кәсіпкерлік ойлау
- Жаһандық азаматтық
- Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің мағынасын түсіну

| Құзыреттілік типтері | Құзыреттілік сипаты |
|---|---|
| 1.Жүріс-тұрыс және тұлғалық сапалар (Softskills) | Оқытылатын пән бойынша теорияларды, тұжырымдамаларды және бағыттарды бағалайды және бағдарлайды, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін белсенді пайдаланады; стандартты емес жағдайда күрделі мәселелерді өз бетінше және шығармашылықпен шеше алады және оларды шешудің тиімді, креативті тәсілдерін таба алады. Демократиялық стильді ұстана отырып, әрбір білім алушының қадір-қасиетін құрметтейді, әртүрлі көзқарастарды түсінеді және ескереді, жаңа байланыстар үшін ашық; тәртіпті, жауапты, мұғалім кәсібінің әлеуметтік мәртебесі мен маңыздылығын түсінеді. |
| 2.Цифрлық құзыреттіліктер (Digitalskills): | Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқу-тәрбие процесін оның барлық кезеңдерінде – сабаққа дайындықтан бастап білім алушылардың оқу уәждемесіне ықпал ететін цифрлық орта құруға дейін ұйымдастыру үшін еркін қолданады;<br>Ғылым мен білім берудегі заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, электрондық білім беру ресурстарын құру технологияларын меңгерген және техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру жүйесінде цифрлық ортаны дамыту бойынша құзыреттерді көрсетеді |
| 3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills) | Зерттеудің теориялық әдістерін қолдану; зерттеудің эмпирикалық әдістерін қолдану; ғылымиға дейінгі, ғылыми және ғылымидан тыс танымның формалары мен әдістерін көрсету. Білім алушылардың қызметін ынталандыру, білім беру процесінің сапасы үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып, олардың оқу және өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бақылау қабілетіне ие; Нормативтік-құқықтық құжаттама негізінде білім беру ұйымдарының тұтас педагогикалық процесін басқаруды жобалауға және талдауға қабілетті, зерттеу және практикалық міндеттерді, оның ішінде пәнаралық салалардағы міндеттерді орындайды. |

**Әзірлегендер:**

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., қауымдаст. профессор ________ С.А. Одинцова
Бастауыш оқыту әдістемесі педагогика кафедрасы аға оқытушысы, п.ғ.м. ________ Ж.Б. Асетова
Бастауыш оқыту әдістемесі педагогика кафедрасы аға оқытушысы, п.ғ.м ________ К.А. Айдарбекова
Бастауыш оқыту әдістемесі педагогика кафедрасы аға оқытушысы, п.ғ.м ________ А.М. Бейсенбаева
Қарағанды қ. «№66 мектеп-лицей» КММ бастауыш сынып мұғалімі ________ А.А.Блялова
7М01301-Бастауыша оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының
1 курс магистранты ________ Н.В. Аубакирова

Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында қаралды 22.02.24. хаттама № 7
Білім беру бағдарламасы факультеттің 28.02.24 кеңесінде қаралды, хаттама № 7
Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңестің 29.04.24. отырысында қаралды, хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университет Басқармасының 24.05.24 отырысында қаралды және бекітілді, хаттама № 8

**Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор** ________ **М.М.Умуркулова**
**Академиялық жұмыс Департаментінің директоры** ________ **Т.М. Хасенова**
**Факультет деканы** ________ **С.А.Муликова**

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
## 7М01301 – БАСТАУЫШТА ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Өлшем бірл. | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 | 2025-2026 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Кадрлық потенциалды дамыту** | | | | | 1 |
| 1.1 | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі | Адам саны | 5 | 2 | 1 | 1 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адам саны | 1 | 1 | | 1 |
| 1.3 | Қонақ дәрістері шеңберінде шетелдік ғалымдарды оқытуға тарту | Адам саны | | | | |
| **2** | **Рейтингтердегі БББ жылжыту** | | | 1 | | |
| 2.1 | НАОКО | Позициясы | | | | |
| 2.2 | НААР | Позициясы | | | | |
| **3.** | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқу құралдары | Саны | | | | 1 |
| 3.2 | Монографиялар | Саны | | | 1 | |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау | Саны | | | 1 | |
| 3.4 | Электронды окулық | Саны | 1 | 3 | 1 | 1 |
| **4.** | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | | | | |
| 4.2 | Жабдықтарды сатып алу | Саны | | | | |
| **5.** | **БББ мазмұнын өзектендіру** | | | | | |
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту | Жыл | | + | + | |
| 5.2 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | Жыл | + | + | + | + |
| 5.3 | ББ базасында бірлескен/екі дипломды бағдарламаны ашу | | | | | |

**БОПмӘ кафедрасының меңгерушісі** **С.А.Одинцова**